

**ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ОЛИЙ ВА ЎРТА МАХСУС
ТАЪЛИМ ВАЗИРЛИГИ**

**МИРЗО УЛУҒБЕК НОМДАГИ ЎЗБЕКИСТОН МИЛЛИЙ
УНИВЕРСИТЕТИ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТИ**

**“ЎЗБЕКИСТОН ОММАВИЙ АХБОРОТ ВОСИТАЛАРИНИНГ
ГЛОБАЛ ИНФОРМАЦИОН КЕНГЛИК ШАРОИТИДАГИ
ФАОЛИЯТИ: МАҚСАД ВА ВАЗИФАЛАРИ”**

**“ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СМИ УЗБЕКИСТАНА В УСЛОВИЯХ
ГЛОБАЛЬНОГО ИНФОРМАЦИОННОГО ПРОСТРАНСТВА: ЦЕЛИ И
ЗАДАЧИ”**

**“THE ACTIVITIES OF THE MEDIA IN UZBEKISTAN IN THE GLOBAL
INFORMATION SPACE: GOALS AND OBJECTIVES”**

**мавзусидаги республика онлайн-масофавий илмий-амалий
конференцияси**

ТОШКЕНТ 2020

Ушбу илмий мақолалар тўплами Ўзбекистон Миллий телерадиосининг тарихи, фаолияти, бугунги телекўрсатув ва радиоэшиттиришлари, канал ва дастурлари ҳамда интернет журналистиканинг назарияси ва амалиёти масалаларига оид долзарб муаммолар билан бирга журналистлар учун муҳим бўлган ижтимоий-сиёсий фанлар муаммоларини ўз ичига олган. Мақолалар Республикамизнинг турли олий ва ўрта махсус таълим муассасаларида фаолият юритаётган профессор-ўқитувчилар, журналистлар ва илмий изланиш олиб бораётган ёш тадқиқотчилар, талабаларнинг қаламига мансуб. Асосан, мақолаларда аудиовизуал ва интернет журналистиканинг назарияси ва амалиёти масалалари ўз ифодасини топган.

Ушбу тўплам Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамаси томонидан тасдиқланган (№ 08-19-1. 01.03.2013 й.) “Ёш журналистлар малакасини ошириш, миллий ва хорижий ОАВ тажрибасини ўрганиш борасида белгиланган чора-тадбирлар” режаси доирасида амалга оширилган.

1. [Zelizer, B. Why Journalism Is About More Than Digital Technology. //Digital Journalism. №7\(3\), P. 343-350. 2019.](#)
2. Ж.Тілеухан. Ковергентті журналистика мен мультимедиалы журналистика бір ме?. [//https://zhanseriktileukhan.wordpress.com](https://zhanseriktileukhan.wordpress.com)
3. Н.Нұрмаханұлы. Робототехнология қалай пайда болды? [//https://massaget.kz](https://massaget.kz)
4. Robo Hunter. Роботы-журналисты: где и как их используют? [// https://robo-hunter.com](https://robo-hunter.com)
5. Қыдырханова А. Бір секундта мақала жаза алатын робот-журналист жасап шығарылды. [// https://baribar.kz](https://baribar.kz)
6. Қытайда робот тележүргізуші пайда болды. [//http://kazaknews.kz](http://kazaknews.kz)
7. Шамахайұлы Қ. Socil Media – ақпарат көзінің қандай түрі? [//http://akikat.kazgazeta.kz](http://akikat.kazgazeta.kz)

ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әшірбаев Б.Т.,

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика
факультетінің PhD докторанты*

Бір қарағанда, қарбалас сәт, қабағат қимылға толы қазіргі ақпараттық технологиялар заманы журналистиканың беталысын мүлдем басқа бағытқа өзгертіп жібергендей көрінеді. Әйтсе де, бұл алдамшы әсер, оның сыртқы түрленуі ғана. Рас, біз қағаз мәдениетінен электронды мәдениетке ауысып, сандық жүйеде хабар тартуға көштік, мультимедиалық мүмкіндіктер сиқырға бергісіз ғажайыптар жасай алады. «Ақылды техника» жұмыс күшіне деген сұранысты азайтты. Бұрын топ адамға жүктелген шаруаны бүгінде бір түймешені басып қойып, жалғыз-ақ маман жайғай алады. Бірақ, өзгермейтін бір заңдылық, қағидат бар: журналист – бұл ең алдымен шығармашыл тұлға! Егер ойыңды қағазға түсіре амасаң, мәтін жазу шеберлігін меңгере білмесең, онда қаламыңды қойшы таяғына, құрылысшы қалағына айырбастағаның абзал.

Коммуникация құралдарының дамуы ақпарат аламсуды жылдамдатып қана қоймай, барынша жеңілдетте түсті. Қалта телефонынан онлайн режимге қосылып, әлемнің кез келген нүктесінен бейне, аудио, фото және мәтіндік хабарлама жолдай аламыз. Әлеуметтік желінің белсенділігі блогерлер қатарын өсірді. Интернеттегі ақпараттар ағынының күш алып кеткені сондай, бейне бір мемлекеттер шекарасын кесіп өтетін халықаралық өзендер сияқты шексіз кеңістікті жайлап барады. Кәсіби журналистиканың өнімі ауызсу секілді санитарлық талаптарға жауап беретін «мөлдір де таза» болса, керісінше, азаматтық журналистиканың өнімі арық суындай «шөп-шалам, қоқысы» аралас келеді. Нью-Йорк университетінің журналистика профессоры Джэй Розен: «Азаматтық журналистика дегеніміз – бұл біз бұрын аудитория деп

таныған адамдар»,- дейді [1]. Қарапайым да нақты анықтама, дәл қойылған диагноз.

Қазақстанда журналистика мамандығы брендке айналып үлгерді. Екіншісі бірі БАҚ бетінде бағын сынап, қалам қайраткері атануға құмбыл. Танымалдылық деген сиқыр бар. Оған ұмтылғандардың барлығы табысқа жетудің төте жолы тележүргізуші болу деп ұғып, «сиқырлы жәшіктін» ішінен табылуға құмар. XVI ғасырда өмір сүрген Нострадамус: «XX ғасырда әрбір үйде жалғыз көзді шайтан отырады», - деп болжап [2], адамзат баласының санасында төңкеріс жасайтын бір ғылыми-техникалық жаңалықтың өмірге келетінін айтқан. Бүгінгі ғалымдар әйгілі көріпкел «теледидарды меңзеген» деген тоқтамда. Әлемдегі саяси билігі ауысқан мемлекеттерге қарасаңыз, бәрінде оппозицияның күш алып, белсенді әрекетке көшуіне себепші жалғыз фактор, ол – әлгілердің қолында теледидардың болуы. Бұқараға магиялық ықпалын сезінгендіктен болар, АҚШ саясаткерлері президент сайлауы алдындағы дебаттарда ТВ-дағы қосымша бір минут үшін соңғы көйлектерін сатуға дайын тұрады. Ендеше, бізге идологиялық үстемдік орнатуда ерекше қуатқа ие экран бетін жеңіл-желпі, желөкпе, саржағал дүниелермен толтыра беруге болмайды. Болашақта оның салдары мен зардабын жою қиынға түсуі мүмкін.

Жаңа технологиялармен жарактану мемлекеттердің шекара қызметінің қырағылығын арттырды. Сақтық шаралары бейнекамера, электронды сым, лазерлік белдеу, т.б. арқылы күшейтілді. Ілуде біреу болмаса, қазір бөтен елдің аумағына жасырынып, қылмыстық жолмен кіру оқиғалары сирек тіркеледі. Мұны біздің қазақстандық әскерилердің жылдық есептеріндегі мәліметтер де растайды. Сонда жау қайдан келеді? Бұған жауап біреу: қазір алағат пиғыл, арамза ойы барлар ылаңды іштен салады да, ой-санаңды, дүниетанымыңды өзіне тәуелді етіп, территорияңды десант түсірмей-ақ жаулап алады. Жаттың мәдениетін жалға алып, рухани жалаңаштансаң, көп кешікпей динозавр-ұлтқа айналып, жойыласың.

Өкінішке қарай, қазір еліміздің ақпарат кеңістігі ала-құла күйде. Мазмұны күмәнді, ақаиқаты тексерілмеген материалдарды жиі жариялап, соқтасы толған сыздауықтай жарылғалы тұр. «Қазақстан Мұсылмандар одағы мен Орта Азиядағы адам құқықтары жөніндегі мұсылмандар комитеті жүргізген әлеуметтік сауалнама қорытындысы бойынша, атақты рэпер, қазақтың халық ақыны МС Сайлаубек «Жыл адамы» атанды», - деп жазады «Nur.kz» сайты. «Бүкіл отандық БАҚ-тың қызығушылық тудыруына қарағанда, біздің басты мәдени трендімізді осы тұлға қалыптастыруда деп айтуға толық негіз бар», – делінген Мұсылмандар одағының баспасөз қызметі таратқан ақпаратта [3]. Жасыратыны жоқ, бұл мәлімет бізге, керісінше, «Жылдың қаралы хабарындай» әсер етті.

Михаил Булгаковтың «Собачье сердце» повесінің кейіпкері П.П.Шариков пен біздің «рэпер» МС Сайлаубек екеуінің болмыс-бітімінен айнымас ұқсастық көруге болады. Жазушы тәжірибелік жолмен «жаңа адамға» айналған Полиграф Полиграфовичтің типажы арқылы билікке керзі етікпен

келген большевиктер орнатқан қоғам өмірін сұмдық әшкерелейді. Құмырадан шыққан жынның айналасын қалай жәукемдеп бітерін шебер суреттейді. Ақша қопырап, шаруашылық тоқырап жатқан тоқсаныншы жылдары елімізде: «Алдымен экономика, содан кейін барып мәдениет!»,- деген ұран ортаға тасталды. Рухани Чернобыль жарылып, марту басқан ботана ортадан ахлақтан ада, абыройдан жүрдай МС Сайлаубектей мәдени құбыжықтар өсіп шықты.

Нобель сыйлығының лауреаты, түрік жазушысы Орхон Памуктың «Менің атым Қырмызы» атты романының кейіпкері: «Ей, Жаратушы Ием, Құранда Шайтанның аты 42 рет аталады, бұл оған тым көп жарнама емес пе?!»,- дейді [4]. Бұл мысал оқырман ретінде әрбір саналы азаматты ойландырады хақ. Ұлттық санамызды қоғамдық әжетханаға айналдырған МС Сайлаубектен «мегажұлдыз» жасаған өзіміз. Басқа-басқа, «Nur.kz» сияқты сайттарға ол жөнінде «қазақ халқының танымал ақыны» деген жолдардың жариялануы ешқандай шеңберге сыймайды. Біз өзін-өзі сыйлайтын мемлекеттерге тән масс-медианың бағыт-бағдарын демократиялық заңдылықтарға сай реттеп, күзет пен ізеттің, қасиет пен машықтың арасын айыр білуіміз керек. Ақпарат кеңістігін өзгенің билеуіне беріп қойған елдің жолы қашанда түйыққа тіреледі.

Американдық саясаттанушы Сэмюэл Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» еңбегі халықаралық қарым-қатынас мамандары, ғалымдар арасында қызу пікірталас тудырғаны мәлім. Онда автор жаңа дәуірдегі әлемнің беталысын баяндайды. Бір кезде дүниежүзі екі лагерьге бөлінді: біріншісі – демократия мен еркін нарықтық қарым-қатынастарды дәріптеген батыстықтар, екіншісі – экономикалық тұрғыдан әлсіз дамыған, коммунистік идеяларды басшылыққа алған Жер шарының шығыс бөлігі. КСРО ыдырап, «қырғиқабақ соғыстың» аяқталуы идеологиялық біртектілікке негізделген әлемдік тәртіпті өзгертті. Әр азаматтың алдында «Мен кімін: батыстықпын ба, шығыстықпын ба?», «Қандай идеологиялық лагерьге жатамын?», «Коммунистік жүйеге бойсұнамын ба, әлде демократиялық құндылықтарға арқа сүйеймін бе?» деген сұрақ тұрды. Міне, осы тұста мәдени құндылықтарға негіздеген ұлттық мемлекеттердің рөлі арта түсті. «Ұлттық мемлекеттер халықаралық сахнада ең маңызды ойыншылар болып қалады, олардың одақтасуы, мүдделерінің тоғысуы мәдени және өркениеттік факторлармен анықталады»,– дейді Сэмюэл Хантингтон [5].

Мәдениет, ол – тілге, дінге, дәстүрге және этникалық ерекшеліктерге негізделген әлеуметтік құрылым. Ал, мәдениеттің ең жоғарғы сатысы – өркениет. Автордың пікірінше, оның саяси жүйе мен идеологияға ешқандай қатысы жоқ: өркениетті елдің бірі демократиялық, екіншісі коммунистік жолды таңдауы мүмкін. «Жаңа дүниеде ең ауқымды, маңызды және қауіпті қақтығыстар әлеуметтік топтар, кедейлер мен байлар арасында емес, әртүрлі, әралуан мәдениеттер арасында болады»,– дейді автор [6].

Саясаттанушы өркениеттер өзара жымдасып, бір арнаға тоғысуы, құйылуы мүмкін емес, *вестернизация* мен модернизация ұғымын айыра білу керек екенін айтады. Яғни, тредке айналған мәдениеттердің жайылуы,

үстемдік құруы мен жаңа технологиялардың келуімен өмір сапасының жақсаруын шатастыруға болмайды. Автор компьютерлік технологиялар, мультимедиялық мүмкіндіктер, коммуникациялық байланыстар бір елдің екінші бір елге мәдени үстемдігін жүргізетінін жоққа шығармайды. Әйтсе де, ешқандай ел өзі ұстанған діннен жаппай бас тартып, мұсылман христиандықты қабылдап, ата-бабасынан келе жатқан дәстүр, ырым-жоралғыларынан ешқашан айырылмайды деді.

Автор еңбегінде неміс философы О.Шпенглердің: «Өркениет пен мәдениет бір-бірінен алшақ дүние. Өркениет бұл технологиялық және техникалық жаңалықтар болса, мәдениет – базистік құндылықтар мен адамның рухани дүниесінің жай-күйі болып табылады», - деген пікірін мысалға келтіреді. Сондай-ақ, өз ойын ағылшын тарихшысы А.Тойнбидің “Тарихты игеру”, жапондық тарихшы Ф.Фукуяаманың “Тарихтың ақыры”, қазақ философы Д.Кішібековтің “Мәдениет және өркениет” деген еңбектерінен келтірілген үзінділермен тұздықтай түседі.

Сэмюэл Хантингтоның «Өркениеттер қатығысы» кітабында айтылған идеялармен келіспейтін авторлар да аз емес. Соның бірі – Лондон экономика мектебінің профессоры Кристофер Коукер. «Қазір әлемде үш деңгейде дағдарыс байқалады: түрлі топтардың популистік әрекеті, ИГИЛ, ДАИШ сияқты трансұлттық діни ұйымдардың ылаңы мен ірі державалар арасындағы текетірес. Бұл қақтығыстар идеологиялық, ұлттық мүдде тұрғысында емес, мәдени пішінде көрініс табуда. Сондықтан Сэмюэл Хантингтоның ұлттық мемлекеттерге басымдық беріп, мәдениеттің шешуші факторға айналатынына жақын уақытта сену қиын», – дейді ол [7].

Қалай дегенмен де, біз үшін американдық саясаттанушы Сэмюэл Хантингтоның «Өркениеттер қақтығысы» еңбегі болашақта ұлттық мемлекеттер мен мәдени құндылықтарға басымдық беуірімен бағалы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз», - деп өте орынды атап өтті [8]. Таяуда ғана жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы да қоғамдық ортада аз резонанс тудырған жоқ. Қазіргі жаһандану заманында бізді ұлттық иммунитетіміздің мықтылығы, мәдени қабаттарымыздың беріктігі ғана бәскеге қабілетті ете алады.

Карл Маркс: «Баспасөз бостандығы болмаған жерде, басқа бостандықтардың бәрі бекер», - дейді. Қазір елімізде ашық пікір алаңы жанданып, пост кеңестік өзге елдермен салыстырғанда «микрофон еркіндігі» барлығы сезіледі. Бұл – демократиялық қоғамның ең басты шарты. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында: «1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады; 2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді; 3. Республиканың

конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», - деп нақты көрсетілген [9].

Журналистиканың теориясы мен практикасын зерттеуші ғалымдардың бір тобы бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді таратып қана отыруы керек, оны қалыптастыруға ұмтылу демократия қағидаларына қайшы келеді, сөз бостандығын тұншықтырады деген пікірдің жағында. Авторлық талдау болуын терістейді. Біздіңше, масс-медиа өкілдеріне бейтараптық жат. Елдік, мемлекеттік мәселеде қоғамдық пікір қалыптасып, бұқараның ой-танымы, сана-сезімі отандық рухта тәрбиеленуі тиіс. Тәуелсіз жас мемлекетке «мылтықсыз майдан» саналатын ақпарат кеңістігінде қалғып кетіп, марғаулық танытуға әсте болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Джей Розен. Құқықты біріктіруді үйрету: қоғамдық журналистика және баспасөздегі күңгірттік. – Мәскеу: Жиырмасыншы ғасыр қоры, 1996.– 18-б.
2. Нострадамус және оның болжамдары // Наука и жизнь.– Мәскеу: <https://www.nkj.ru/>
3. Жұлдыз Кенжеғалиева. МС Сайлаубек жыл адамы деп танылды // Nur.rz , 2015, 25 желтоқсан.
4. Орхон Памук. Менің атым қырмызы // Әдебиет порталы, 2017, 18 шілде.
5. Сэмюэль Хантингтон. Өркениеттер қақтығысы // Гуманитарный портал.– Мәскеу: <https://gtmarket.ru>, 2007, 20 қаңтар.
6. Сонда.
7. Кристофер Коукер. Хантингтон қателеспеді ме? // Халық ағарту мектебі, <https://www.youtube.com>, 2018.
8. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // ҚР Президентінің ресми сайты, 2017, 12 сәуір.
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Әділет, 1995, 30 тамыз.

ЭТНОГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Саягүл Бірлесбек,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
«6M020800 – Археология және этнология» мамандығының
2-курс магистранты*

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қазақ лиро-эпостық жырларының ішіндегі ең көнесіне жатады. Тарихшы ғалым Ә.Марғұлан «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын Ғұн, Сақтармен байланыстыра қарастырып, «Шоқ терек» мотивіне тоқталады [1]. М.Ақынжанов бұл жырды VIII-IX ғ. Қарлық мемлекетінен қалған мұра деп санайды [2]. Әдебиеттанушы ғалым Р.Бердібай жырды қазақтың тұрмыс-тіршілігенен туған төл туындысы деп бағалаған[3].

МУНДАРИЖА

1.	Ҳамдамов Ю. Интернет нашрлари ва ўзбек тили қоидаларига риоя қилиш муаммолари.....	3
2.	Худойқулов М. Матбуотда анъанавийлик ва янги омиллар.....	12
3.	Тўхтамирзаев М. Коронавирус пандемияси шароитида онлайн “давра суҳбатлари”: муаммо ва ечимлар.....	16
4.	Тураева Л. Спорт федерациялари фаолиятида матбуот хизматининг ўрни ва роли.....	18
5.	Саидова М. Замонавий журналистикада vt технологияларнинг ўрни ва истиқболи.....	23
6.	Раҳматуллаева И. Янги давр - янги мавзулар.....	29
7.	Абдуллаева З.П. Телевидениенинг коммуникатив фаолият қирралари.....	33
8.	Ҳамдамова Д. Радио ва ёшлар муаммолари.....	36
9.	Бозорова М.А. Технология интервью и этические аспекты освещения темы торговли людьми в прессе Узбекистана и России.....	43
10.	Зохитова Н. Миграция жараёнлари ва унда ОАВнинг тутган ўрни..	46
11.	Шамақсудова С. Массмедиавийлик - замонавий медиаматннинг сифатини белгиловчи омил.....	51
12.	Муминова Ф. Современные требования к формированию медийной грамотности.....	55
13.	Исраил М., Тешабаева Д. Лингвостилистические особенности текстов женских журналов.....	58
14.	Турсунова Р. Роль сми в развитии привлекательности туризма.....	62
15.	Нажмиддинова Г. Визуальная информация как новая форма коммуникации.....	65
16.	Оразымбетова З. Газета тили: журналистлик шеберлик ҳам тилден пайдаланыўдағы машқалалар.....	68
17.	Нурбекова Г. А. Журналистлик дөстпелерде фразеологизмлердин қолланылыўы.....	73
18.	Палуанов Б. “Қорақалпоқ матбуотида бадий-публицистик жанрлар трансформацияси”.....	77
19.	Ashimova A. Perspectives of artificial intelligence assisted creative writing programs in media.....	79
20.	Акынбекова А.Б., Мукушева Қ.С., Бакенова Р.Ш. Ташкентте шыққан «Шолпан» журналының саяси бағыты.....	82
21.	Алимжанова А.Б., Маратова Д.Қ. Қазіргі журналистикадағы smart технологиялар қызметі.....	90
22.	Әшірбаев Б.Т. Журналистика және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері.....	95

23.	Бірлесбек Саягүл. Этнографикалық деректердің зерттелуі.....	100
24.	Ботобаева Ж.А. Бақ-тағы отбасы мәселесі.....	102
25.	Алтаев Ж.А., Мухамеджанов Д.М. Философские основы казахского фольклора.....	107
26.	Кәкен Қамзин, Думан Смақов. Заманалы журналистика: фактчекинг және верфикация.....	120
27.	Құрманбаева А.А., Нода Л.П. Қазіргі журналистикасының өзекті мәселелері.....	126
28.	Рушанова Н.Б. Әл-Фарабидің ғылыми-философиялық көзқарастары мен бағыт-бағдарлары.....	134
29.	Сұлтанбаева Г.С., Әлқожа Б.О. Медиа технологиялар және ғаламдық ауыл преамбула.....	140
30.	Тілепберген А.М. Ағылшын саяхатшылары мен ғалымдарының орта азияны зерттеуі.....	149
31.	Мирзаева Ф. Музыка маданияти фанини ўқитишда анъанавий услуб моҳияти.....	158
32.	Пирназарова Р. Умуминсоний қадриятлар негизи миллийликда.....	162
33.	Boboyev X. Raqamli diplomatiya va raqamli siyosatning mohiyati.....	164
34.	Сайдуллаева Н. Пандемия даврида ёшларга оид теледастурлар намойиши.....	167